





Біржан сал Қожағұлұлы
1834-1897 жж.






Ол 1834 жылы Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданында дүниеге келіп, 1897 жылы алпыс үш жасында туған жерінде қайтыс болған. Әйгілі қазақ ақыны, сазгер. Шөже, Салғара, Толыбай, Орынбай, Нүркей, Сегізсері, Арыстан тәрізді өнер иелері – Біржан салдың ұстаздары.

Бойында әншілік дарыны бар, домбырада шебер ойнайтын Біржан жастайынан қазақ даласына танымал болған. Ол бірегей сазды-поэтикалық шығармаларды дүниеге келтірген. Ел аралап, алуан түрлі айтыстардың ортасында жүрген. Айналасына дарынды жастарды жиып, өзіндік көшпелі театр құрған. Біржан шығармаларында махаббат тақырыбы негізгі орын алады.

- 
- «Айтбай»
 - «Ғашығым»
 - «Ғашық жар»
 - «Ләйлім - шырақ»



Ақынның **"Жамбас сипар"**, **"Теміртас"** тағы
басқа да әндері мұң мен шерге толы.
Біржанның **40-тан** астам өлеңдері бүгінгі
күнге дейін жетті. Ол айтыс өнерінің де
шебері болған.



Біржанның ерекше ақын-сазгер, өте дарындылығын бағалаған халық, оған "сал" атты қосымша ат берген.